

Байдалы би селолық округінің Атасу және Ескене ауылдарының көшелерін ретке келтіру және оларға атау беру туралы

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Байдалы би селолық округі әкімінің 2010 жылғы 28 маусымдағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 шілдеде N 8-12-77 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармақшасына сәйкес, Байдалы би селолық округінің Атасу және Ескене ауыл тұрғындарының 26 наурыз 2010 жылғы Атасу және Ескене ауылдарының көшелерін ретке келтіру және оларға атау беру жөніндегі N 1-2 жиналысының хаттамалары мен Жаңаарқа ауданы әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 26 ақпандағы N 2 хаттамасы мен ұйғарымын қарай келе Байдалы би селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Байдалы би селолық округіндегі Атасу ауылының көшелеріне төмендегідей атаулар берілсін:

1 - ш і	көшеге	-	Тәуелсіздік;
2 - ш і	көшеге	-	Бейбітшілік;
3 - ш і	көшеге	-	Сәкен Сейфуллин;
4 - ш і	көшеге	-	Достық;
5 - ш і	көшеге	-	Сарысу;
6 - ш ы	көшеге	-	Жеңіс.

2. Байдалы би селолық округіндегі Ескене ауылының көшелеріне төмендегідей атаулар берілсін:

1 - ш і	көшеге	-	Тәуелсіздік;
2 - ш і	көшеге	-	Бейбітшілік;
3 - ш і	көшеге	-	Талдыбұлақ;
4 - ш і	көшеге	-	Достық;
5 - ш і	көшеге	-	Бірлік.

3. Байдалы би селолық округі әкімі аппаратының бас маманы Р. Игеноваға Атасу және Ескене ауылдарының көшелеріне атаулар берілуіне байланысты тиісті жұмыстар жүргізілсін.

4. Осы шешімнің орындалысына бақылау жүргізуді өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң 10 күннен кейін қолданысқа енеді.

Село әкімі

Т. Абдуов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК